

"Мақта" аумақтық акционерлік компаниясының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 12 мамыр N 579

"Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік ауыл шаруашылық, дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1137 U931137_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленген тәртіппен:

"Мақта" аумақтық акционерлік компаниясының (бұдан әрі - Компания) жалпы жиналысына оны қайта ұйымдастыру мәселелерін енгізсін;

Компания акционерлік қоғамдары акцияларының мемлекеттік пакеттерін оларды сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін (1-қосымша).

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті агроөнеркәсіп кешенінде қызмет атқаратын заңды және жеке тұлғаларға Компания акционерлік қоғамдары акцияларының мемлекеттік пакеттерін басым түрде сатуды жүзеге асырсын.

3. 1996 жылғы өнімнен бастап мақта-талшығын сату Қазақстан

Республикасының тауар биржалары арқылы жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес (2-қосымша) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
12 мамырдағы 1996 жылғы
N 579 қаулысына
1-қосымша

Акцияларының мемлекеттік пакеттері Қазақстан

Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне
жататын акционерлік қоғамдардың
ТІЗБЕСІ

"Мақташы" АҚ, Оңтүстік Қазақстан облысы
"Алуан" АҚ, Оңтүстік Қазақстан облысы
"Ынтымақ" АҚ, Оңтүстік Қазақстан облысы
"Шымкент-Мақта" АҚ, Оңтүстік Қазақстан облысы
"Ақ алтын" АҚ, Оңтүстік Қазақстан облысы
"Яссы" АҚ, Оңтүстік Қазақстан облысы
"Үміт" АҚ, Оңтүстік Қазақстан облысы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
12 мамырдағы 1996 жылғы
N 579 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір
шешімдерінің
тізбесі

1. "Мемлекеттің қатысуымен "Мақта" аумақтық акционерлік компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 21 ақпандағы N 200 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1994 ж., N 12, 106-бап).

1. "Мақта" аумақтық акционерлік компаниясының президенті және Байқаушы кеңесінің төрағасы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 21 ақпандағы N 201 қаулысы.

3. "Мақта-шикізатын өндіруді тұрақтандыру және республиканың тоқыма өнеркәсіп орындарын мақта-шикізатымен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 22 тамыздағы N 1156 қаулысының 2-тармағының бірінші абзацы, 3-тармағының бірінші абзацы, 4 және 5-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 29, 348-бап).

4. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 22 тамыздағы N 1156 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 7 қыркүйектегі N 1238 қаулысы (Қазақстан Республикасының

ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 30, 369-бап).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК